

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қыркүйектегі N 845 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 1 шілде N 711. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 901 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 901 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы K010209\_ Кодексіне (Салық кодексі) және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Z010245\_ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жол шаруашылығын құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 5 қыркүйектегі N 845 P980845\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 31, 269-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың бесінші абзацының мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын: "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сервис объектілері мен сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібі және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкалары";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сервис объектілері мен жарнамаларды орналастырудың және ақы төлеудің тәртібінде:  
тақырыбында:

"жарнамаларды орналастырудың және ақы төлеудің тәртібі" деген сөздер "сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру тәртібі және республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкалары" деген сөздермен ауыстырылсын;

3, 4 және 5-тармақтарда "жарнамаларды" деген сөздер "сыртқы (көрнекі) жарнаманы" деген сөздермен ауыстырылсын, 1-тармаққа өзгеріс мемлекеттік тілдегі мәтінде келесі абзацтарда қамтылған;

1 - т а р м а қ т а :

бұл абзацтағы өзгеріс мемлекеттік тілдегі мәтінде келесі абзацта қамтылған;  
"жарнамаларды (транспаранттар, афишалар, плакаттар, сервис объектілерінің көрсеткіштері және тағы басқалар) орналастыру шарттарын, келісу және ақы төлеу тәртібін" деген сөздер "плакаттар, стендтер, жарық тақталар, билбордтар, транспаранттар, афишалар түріндегі сыртқы (көрнекі) жарнама мен жарнаманы тұрақты орналастырудың басқа да объектілерін орналастыру шарттарын, орналастыруды келісу тәртібін, сондай-ақ республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлем ставкаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "шарт пен" және "сондай-ақ шарт пен" деген сөздер алынып тасталсын;

4-тармақта "арттыру ескеріле отырып" деген сөздер "төмендетуге жол берілмейтін ретте" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың бірінші абзацында, 6-тармақта "Автомобиль жолдарының", "автомобиль жолдары", "автомобиль жолына" деген сөздердің алдынан "жалпы пайдаланымдағы" деген сөздермен толықтырылсын және "Автомобиль" деген сөз кіші әріппен, ал оның алдынан келетін "жалпы" деген сөз бас әріппен жазылсын;

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзацта "жолдың көлік-пайдалану сапасын арттыру және дамыту жоспарына" деген сөздер "автомобиль жолдарын дамыту бағдарламаларына"

деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзац алынып тасталсын;

8, 9, 10, 11 және 13-тармақтар алынып тасталсын;

12-тармақтың бірінші абзацында "жарнамалық ақпаратты" деген сөздер

"республикалық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының жолақ

бөлігінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің иелерінен алынатын төлем республикалық бюджетке енгізілуі тиіс."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Бағарова Ж.А.,

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК